



### Бозбаев Оңай

1903 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Жалдама өзені бойындағы Жермола деген жерде дүниеге келген. 1942 жылы 15 ақпанда әскер қатарына шақырылған. Алғаш рет Сталинград түбіндегі Прудовой станциясы үшін болған ұрыста 196-атты әскер полкінің құрамында болған. Кейін Суровокино станциясы маңында болған ұрыста ауыр жараланып, Туладағы госпитальда емделіп шығып, 64-армия 893-атқыштар полкі құрамында соғысқа қайта кірген. 23 тамыз күні Сталинград майданында зеңбіректен атылған снаряд дәл жанына түсіп, топырақ астында қалды. Содан контузия алып, тіл-құлақтан айрылады. Ирбит қаласындағы госпитальде ұзақ емделіп, 1944 жылы 28 ақпанда медбикенің көмегімен Қостанай қаласына жетеді. Соғыстағы ерліктері бағаланып, «Қызыл Ту» орденімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Елге келген соң аудан шаруашылығын өркендетуге ат салысып, зейнеткерлікке шығады. 1992 жылы 22 қыркүйекте қайтыс болған.

